

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Астана

| | |
|--------------------------|----|
| Амангелді Нүрәлі..... | 1 |
| Досмаилова Аружан..... | 2 |
| Елеусизова Айзада | 4 |
| Қадыр Ерасыл | 5 |
| Қажыбекова Ботагөз..... | 7 |
| Нұрғали Мәліка..... | 9 |
| Оразали Жанерке | 10 |
| Тілеуқабылова Айша | 11 |

Амангелді Нүрәлі

1 сынып оқушысы №61 орта мектебінің Астана қаласы
Жетекшілері: Дутбаева А.К.,
Ахметжанова А.Т.

Соғыс деген не?

Соғыс – адамдардың бір-біріне жасаған жаман іс-әрекеті. Мен соғыс туралы, ең алғаш рет аталарымнан естідім. Екі атамның да ағалары соғыста бес жыл фашистермен күрескен. Мен оларды көрмесем де, аталарымның айтуы бойынша, олар өте мықты, ержүрек, батыл және күшті адамдар болған. Фашистер басқа мемлекеттің адамдары. Біздің елімізде тұратын барлық азаматтарға қастандық ойлаған. Олар жеңіп шықса, біздің жағдайымыз қиын болар еді. Себебі олар бізге өздеріне пайдалы жұмыс жасатар еді. Біз қазіргідей бақытты, қызықты және тату-тәтті өмір сүре алмас едік. Аталарым айтқандай, мен де әдемі Астана қаласында оқуға барып, ата-анаммен бірге паркке, киноға, қонаққа, бассейнге, зоопаркқа бара алмас едім. Фашистер біздің туыстарымызды да, басқа адамдарды да қиыншылықта өмір сүруге мәжбүрлегісі келді.

Соғыста көп адам қайтыс болады. Тамақ аз болып, үлкендер күні-түні жұмыс жасайды. Себебі олар майдандағы солдаттарға көмектесуге тырысады. Туыстар бір-бірін сағынып, хат жазады.

Соғыста жеңу үшін көп қару-жарақ қолдану керек. Олар: танктер, пулеметтер, винтовкалар, ұшақтар, автоматтар және тағы басқалар.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Менің ойымша, соғыс ешкімге де керек емес. Барлық адамдар бірге, тату-тәтті өмір сүру керек. Мен аталарымның ағаларын көрмедім. Себебі олар соғыста ерлікпен қаза тапты.

Досмаилова Аружан
9 сынып оқушысы
№24 орта мектебінің Астана қаласы
Жетекшісі: Тамабаева Ж.Б.

**Соғыстан қайтпаған арғы атам Әбдіәли Жуасбаевқа
арналады.
Жетім еткен қу соғыс...**

Сұрапыл соғыстың аяқталғанына 70 жыл толыпты ау... Менің бүгінгі әңгімем соғыстың кесірінен жетім қалып, әке алақанын аңсаған әжемнің естеліктеріне арналады.

Әжем Әбдалиқызы Күлдан үнемі «мені жетім еткен қу соғыс» - деп отырады. Кішкентай уақытымда мән бермедім, ал соғыс жайлы көп білетін әрине сол әжелеріміз. Бір күнімді әжемнің әңгімесіне арнадым...

Әжем терең күрсініп, әңгімесін бастады: «Біз үшін сыры да жыры да таусылмайтын қу соғыс-ай. Әні-міні дегенше басылғанына 70-жыл болып қалыпты ғой. Сол соғыс халыққа келген нәубет еді. Әкешім 27 жасында соғыстың құрбаны болып кетті ғой. Әкем Әбдіәли Жуасбаев 1915 жылы туылған еді. Үлкен анамның айтуынша әкем өзі әнші, домбырашы, «сегіз қырлы бір сырлы» жігіт болған екен. 1942 жылы соғысқа аттанарда небәрі 27 жаста болыпты. Үлкен анамның айтуынша кететін күні «алыс жолға аттанып бара жатыр» деп ағайын туыс түгел жиналыпты. Бәрін күлдіртіп:

Солдат болып туылдым,
Белімді бекем будым,
Қайтейін сұм фашистке
Қарсы тудым! - деп әндетіп кете беріпті.

Сол кеткеннен қайтып оралмапты. Анам ақылына көркі сай кісі еді, қолындағы бір жастан асқан қызы мен құрсақта қалған баласымен әкемді қайтып көрмей, 19 жасында жесір қалыпты. Ай-күні толып, дүниеге Нұрғали есімді ұл әкепті, бірақ соғыс уақытындағы ауыр жағдайда туылған Нұрғали өте алғыр болып өсіп келе жатып, 4 жасқа толғанда бір түнде науқастанып шетінеп кетіпті. Анамыз Әсел күндіз-түні колхоздың жұмысында, үйде жалғыз баласы соғысқа аттанып, қайғыдан іш құса болған әкемнің шешесі - Балкүл әжеммен қаламын. Жеті жасқа келгенімде шешемді анасы жүктерін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жинап, бір күнде арбаға салып әкетеді. Сұм соғыс-ай... (әжем көзіне жас алды). Кейінен естідікб анамды ұзатып жіберіпті.

Үлкен анам Балкүл екеуміз шошайып бір үйде жалғыз қала бердік.

Балкүл анамның маған деген еңбегі баға жетпес зор болды. Қанаттыға қақтырмай өсірді, бірақ ананың аты ана... Анам кейін іздеп келіп тұрды (екінші күйеуінен бала болмады), бірақ менде анама деген бір өкпе болды. Әкемнің көзін көрген қарт кісілер «көкең туралы өлең айт» - десе, әкемнен келген бір-екі хаттарын үлкен анамның айтуынша соға беремін, қариялар бет-бетімен жылаған кезде жан- жағыма қараймын. Сонда қарт кісілер:

Әкеңнің бір қызығын көре алмадың,
Көкелеп соңына еріп жүре алмадың.

Баланың әке деген асқар тауы,

Баладай әкесі бар бола алмадың - деп күрсінетін.

Ал әжем сорлы көпке дейін өзіне келе алмай:

Жалғызым алыс жаққа кеттің жүріп,
Артында қалдым жылап итше ұлып
Көзбенен өлгеніңді көрмеген соң,
Отырмын келеді-ау деп үміт қылып
– деп үмітін үзбеуші еді.

Содан кейін өзім де шамалап өлең шығаруды қолға алдым:

Германның көкем өлді қаласында.

Айрылды әжем күйіп баласынан.

Бар мекен бұл жалғанда мендей ғаріп,

Айырылған тумай жатып әкесінен.

Германның соғысынан көкем өліп,

Артынан Нұрғали туып, болып еді серік,

Оны да кешіктірмей құдай алып,

Мен өзім жалғыздыққа жүрмін көніп,

Армансыз бұл дүниеден өтер едім,

«Күлдаш!» - деп, алдына алса көкем келіп.

Әкешім! Асқар тауым! Жерленген жерің әлі күнге дейін белгісіз. Қайда жатсаң да, жатқан жерің жайлы болсын! Енді осы немере, шөберелерім қу жетімдіктің азабын көрмесін! - деп әжем әңгімесін аяқтады.

Ия, қайғы-қасіретті өзімен бірге әкелген сұм соғыс, баланы әкесінен және анасынан айырған қу соғыс. Енді соғыстың аты өшсін, ешқашан балалар әкелері мен аналарынан айырылмасын! Тек бейбіт заман болсын!

Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойымен бүкіл ардагерлерді, тылда еңбек еткен барша азаматтарды шын жүректен құттықтағым келеді!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Елеусизова Айзада

10 сынып оқушысы №20 орта мектебінің

Астана қаласы

Жетекшілері: Байгарина Г.Ж.,

Ахметжанова А.Т.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақстандықтардың ерліктері

1941-1945 жж. болған Ұлы Отан соғысы қанша азаматтардың өмірін киды. Олардың бәрі де біз үшін фашистермен күресті. Біздің бейбіт, тәуелсіз қоғамда өмір сүргенімізді қалады. Себебі соғыс заманында ешқандай жақсылық болмайды. Зорлық-зомбылық, қиын-қыстау, трагедиялық оқиғалар көп болады. Негізінен, біз 1941-1945 жж. соғыс туралы ата-әжелерімізден, кинофильмдерден, арнайы хабарламалардан білеміз. Ғалымдардың айтуынша, бұл соғысқа әрбір бесінші қазақстандық аттанып, туған Отанын қорғады. Қаншама қазақстандықтар үйлеріне қайтып келмеді. Отбасылары қиналып, себебі асыраушы-отағасынан айырылды. Олардың саны миллионнан асып түседі. Осы уақытқа дейін Ұлы Отан соғысының тарихында ашылмаған ақиқаттар мен еленбей қалған ерліктер, елеусіз жатқан оқиғалар бар. Сондықтан белгісіз, ескерілмеген соғысқа қатысқан тұлғаларды тауып, елге таныту, лайықты атаққа ие болғызу, оларға қамқорлық жасау керек деп ойлаймын. Себебі уақыт өткен сайын, Жеңіс күнінің маңызы артады. Олардың көрсеткен ерліктері бүгінгі ұрпаққа үлкен өнеге.

Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен бірнеше мың қазақстандық-шекарашылар болды. 1941 жылы атақты Брест гарнизонының өзінде, соғыс басталғанда, үш мыңдай қазақстандықтар мемлекет алдындағы әскери борышынан өтіп, ауылға кетеміз деп дайындалып жатқан еді. Бірақ фашистердің шабылуы олардың бұл жоспарын орындатпады. Жалпы алғанда, соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар дайындалған. Біздің мемлекетімізде офицерлік кадрлар да оқытылып майданға жіберілген. Біздің жерлестеріміз майданда ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың отандастарымыз медаль-орендермен марапатталса, 500-ден астам адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астамы «Даңқ» орденінің иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды. Олар – Талғат Бигельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Белгілі Батырлардың қатарында қазақтың екі қызы – мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі – қазақ жігіті Рақымжан Қошқарбаев. Партизандардың да қатарында біздің отандастарымыз шайқасқан. Солардың бірі – Қасым

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қайсенов. Әлемге танымал қолбасшы болған, соғыстан кейін әскери жазушы қызметін атқарған Бауыржан Момышұлын білмейтін адам аз шығар. Ал 28 панфиловшылардың ерлігін мақтанышпен бүкіл қазақстандықтар жырлайды.

Фашистермен күрес кезінде, КСРО мемлекеті қаншама жастардан айырылды. Олар Отан үшін жанын пидә етті. Олардың әрқайсысының үлкен армандары болды. Бірақ олар орындалмай қалды. Себебі, жап-жас болса да, Отанын қорғау жолында жан тапсырды. Бұл шынында да нағыз ерлік болды. Біз басымызды иіп, мақтан тұтып мәңгі есімізде сақтауымыз керек.

Соғыс жаңғырығы жылдан жылға алыстап барады. Ардагерлеріміз азайып жатыр. Олар тек майданда ғана емес, тылда да ерлік көрсетті, бірдей азап шекті. Ашаршылық пен ауыртпалықты бастан кешкен олар да жеңісті жақындатуға көп үлес қосты. Таңның атысынан, күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеді. Әсіресе аналар, ақсақалдар мен әжелер, біздей мектеп оқушылары. Осындай қайсар жандарға біз өзіміздің ризашылығымызды, құрметімізді ғана білдірмей, көмек көрсетуіміз қажет.

Осындай ауыр, үлкен қауып-қатер, қайғы мен қасірет төнген уақытта біздің ардагерлеріміз өшпес ерлік көрсетті. Бұл тарихқа алтын әріптермен жазылады. Олардың қаһармандық өнегесі бүгінгі жас ұрпақтың есінде мәңгі сақталуы тиіс. Бұндай ауыр да қиын, миллиондаған азаматтардың өмірін қиған соғыс ешқашанда қайталанбасын. Тәту-тәтті, бейбіт кезеңде өмір сүрген керемет емес пе? Жалпы Әлемде түсінушілік пен тыныштық орнатылсын!

Қадыр Ерасыл

5- сынып, №24 орта мектеп, Астана қаласы
Жетекшісі: Жаңабек Дана Әкімжанқызы

Биыл Ұлы Жеңіске 70 жыл! Мен бұл Жеңістің қаншама қан төгіліп, жан беріліп келгенін тарих беттерін парақтағаннан білемін. Бұндай соғысты тек тарихтан ғана оқиық деп тілеймін. Ұлы Отан соғысы соғысты көрмегендердің де жүрегінен ерекше орын алары сөзсіз. Жуырда мұғаліммен, сыныптастарымызбен мектеп болып Астанаға жақын орналасқан «АЛЖИР» лагеріне барып, соғыстан зардап шеккендердің рухына тағзым жасадық. Экскурсовод барлығын дәл кеше болғандай етіп баяндап берді. Адамзатқа осыншама қиянат жасаған соғысқұмарларға еш кешірім жоқ!

Тарихи әдебиеттерде бұл соғыс «Ұлы Отан соғысы» деген атқа ие. Бүкіл кеңес халқы ортақ жауға қарсы күреске жұмылды. Алғашқы күндердің өзінде ақын В. Лебедев-Кумач пен композитор А. Александров жауға қарсы күресте көпке ортақ әнұранға айналған «Қасиетті соғыс» әнін шығарды. Ол ән қазір де талай жанды тітіркендіреді.

Қатарында мыңдаған қазақстандықтар да болған кеңес жауынгерлері Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап барлық майдандарда

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

фашистік басқыншыларға қарсы қиян-кескі шайқастар жүргізді. 1942 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстанда армия қатарына 300 мыңдай, ал соғыс кезінде 1 млн 200 мыңнан артық қазақстандық әскери міндеттілер шақырылды. Майданға 14,1 мың жүк және жеңіл автокөлік, 1,5 мың шынжыр табан трактор, 110,4 мың жылқы мен 16,2 мың арба жіберілді.

1937-1938 жылдары орын алған жаппай қуғын-сүргіннің нәтижесінде ЖШҚӘ-нің басқару буыны ауыр шығынға ұшыраған болатын. 5 маршалдың 3-еуі, 15 армия генералының 13-і, 9 адмиралдың 8-і, 57 комкордың 50-ін, ату жазасына кесілген. Әскери округтар мен әскери құрамалардың басына жас, тәжірибесіз басқарушылар тағайындалды. Мысалы, соғыс басталған кезде 17 әскери округ басшыларының 7-еуі, 17 округ штаб басшыларының 4-еуі өз қызметтеріне тағайындалғандарына жарты жыл толмаған еді. 20 армия қолбасшыларынан 13-інің тағайындалғандарына жарты жыл толмай, тек 2-еуі ғана жылдан астам уақыт бұрын тағайындалды. Командирлердің 70%-ының және сол деңгейдегі саяси жұмысшылардың 75%-ының жұмыс өтілі жылға жетпеген екен. Сол жылдардағы қуғын-сүргіннің салдарынан қазақтың небір текті азаматтары көз жұмды десеңші.

Соғыстың басынан аяғына дейін әскери бөлімдер ретінде шайқасқан 12 қазақстандық дивизияға құрметті атақтар берілді. Олардың бесеуі – бір орденмен, төртеуі – екі орденмен, екеуі үш орденмен марапатталды. 5 дивизия гвардиялық дивизияларға айналды. Әскери ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандықтар ордендер мен медальдармен марапатталды, 497 қазақстандық Кеңестер Одағының Батыры атанды. Бұл атақты 97 қазақ иеленді, олардың ішінде қазақ қыздары – Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова бар. Төрт қазақстандық ұшқыш – Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский Кеңес Одағының Батыры атағына екі рет ие болды. 1990 жылы 11 желтоқсанда көрнекті қолбасшы Бауыржан Момышұлына да осы құрметті атақ берілді. 1941 жылы Бауыржан Момышұлы аға лейтенант шенінде батальонды басқарып, Мәскеу түбіндегі шайқастарда өз құрамасын жау қоршауынан үш рет алып шықты. Соғысты Б. Момышұлы полковник шенінде аяқтады. Әділеттілік тек 45 жылдан соң, қазақтың ұлттық батыры өмірден қайтқаннан кейін ғана қалпына келтірілді. «Даңқ орденінің толық иегері» атағына 110 қазақстандық ие болды. 1941 жылы 26 маусымда әуеде от-жалынға оранып бара жатқан бомбалаушы ұшағын жау танкісі колоннасы үстіне шүйілтіп, жандарын пидә еткен қазақтың баһадүр ұшқышы Бақтыораз Бейсекбаев пен ұшақ экипажына 1996 жылы 2 мамырда Ресей Федерациясының Батыры атағы берілді. Рейхстагқа тікелей шабуыл жасап, оған Жеңіс туын тіккендердің қатарында қазақстандықтар Р.Қошқарбаев, капитан Б.В.Чупрета, минометші А. Бақтыгереев, пулеметші А.Е.Вицко, байланысшы К.М.Волочаевтар болды.

Ер-азаматтары майданға алынып, бар ауыртпалық егде адамдардың, әйелдер мен балалардың мойнына түсті. Олардың еңбегінің арқасында соғыс

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жылдары Қазақстан колхоздары мен совхоздары елімізге 56 млн пұт астық, 733,9 мың тонна ет, 1142 мың тонна сүт, 62,4 мың тонна жүн өткізді. Тары өсірудің шебері Шығанақ Берсиев (әр гектардан 202 центнер), атақты күрішшілер Ы. Жақаев, Ким Ман Сам, дәнді дақылдардан мол өнім алғандар М. Сатыбалдина, А. Дацкова, Н. Алпысбаевалардың ерен еңбектерін атап өтуімізге болады. Қазақстан еңбекшілері өздерінің жеке қаражатынан майдан қорына 4,7 млн сом ақша, 2 млн дана жылы киім, 1600 вагон сыйлық жөнелтті. Бұл майдандағы солдаттарға шын көңілмен жіберген титтей де болса көмектері еді.

Қазіргі таңда қазақ елі өз жерінде бейбіт күн кешкен дербес мемлекет. Тыныш, бейбіт, мамыражай күн кешудеміз. Ылайым тыныштығымыз ұзаққа созылғай (Осылай менің әжем жиі айтады). 70 жылдық мерейтойымыз құтты болсын, қазақстандықтар!

Ешқашан соғыс болмасын!

Жасасын Ұлы Жеңіс!!!

Қажыбекова Ботагөз

5- сынып, №24 орта мектеп, Астана қаласы
Жетекшісі: Жаңабек Дана Әкімжанқызы

Мен Ұлы Отан соғысы туралы кітаптағы тарих беттерінен, соғыс жайлы қысқаметражды фильмдерден, мектептегі ұстаздарымнан және де атамның айтқан әңгімелерінен білемін. Жан түршіктіретін Ұлы Отан соғыс алапаты 1941-1945 жылдар арасында болды.

Соғыс қалай басталды? Тамылжыған маусымның таңы. Бейбіт ұйқыда жатқан халықты таңғы сағат төртте бомбалап оятты. Бір қызығы табиғаттың тылсым күшіне таң қаласың. Сол күні ауа-райы болжамы бойынша аспан ашық, бұлтсыз болады деп болжаған екен. Кенет аспанды қара қою бұлт басып, ауа-райы бірден өзгерген. Табиғаттың өзі соғысты сезгендей.

Сталин Гитлер сөзіне сеніп, тіпті соғыстың басталуына бір апта қалғанда кеңес барлаушыларының «Германия КСРО-ға соғыс ашады» деген мәліметіне сенбегеніне қатты опық жегені анық.

Жау соққысына бірінші болып шекарадағы 485 застава қарсы тұрды. Бұл застава Белоруссияның батысында орналасқан болатын. Жау күштерінің басымдығына қарамай, олардың бірде-біреуі бұйрықсыз өз орындарын тастап кетпестен, соңғы қарулары қалғанша шайқасты. Олардың бәрі қаза болды. 22 маусым күні күндізгі сағат 12-де еліміздің барлық радиостанциялары Кеңес үкіметі атынан сөйлеген В.М.Молотовтың кеңес халқына үндеуін таратты. Үндеуде фашистік Германияның тосыннан соғыс ашқанын, оның түпкі мақсаты кеңес халқын құлдыққа көндіру екенін айта келіп, «Біздің ісіміз адал,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жау жеңілуі керек, жеңіс біздікі» деп аяқтады. Ол әсерлі дауыс соғысты көрмеген тіпті менің денемді тітіркендіріп жібереді.

Ленинградты басып алуға гитлершіл неміс әскерлерінің басшылығы айрықша саяси мән берді. 1941 жылы 8 қыркүйекте Шлиссельбургті басып алған жау Ленинградты қоршап алды. Қала 900 күндік қоршауда қалды. Ұзаққа созылған қоршау қала халқын өте қиын жағдайда қалдырды. Қалада аштық басталды. 1941 жылы қараша-желтоқсан айларында қалада азық-түлік қоры бітті. Нанның бір күндік мөлшері жұмысшыларға 250 г болса, басқа қала халқына 125 г мөлшерінде берілді. Нанның сапасы адам айтқысыз болды, оған әртүрлі қосындылар араластырылып пісірілетін. Аштықтан, жалаңаштықтан, жау бомбасынан, атқылаудан Ленинградтың 600 мың астам тұрғыны қаза болды.

Кеңес халқы қоршауда қалған ленинградтықтарды әр уақытта қолдап отырды. Бірақ көмек беруге ешқандай мүмкіндік болмады. Осындай қиын жағдайда қоршаудағы қала халқына «Ленинградтық өрендерім» атты өлеңхат жолдаған Қазақстанның халық ақыны Жамбыл Жабаев өзінің қолдау ой-сезімін білдіреді. Кеңестік шығыс қыздарының ішінде бірінші рет Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған қазақтың аяулы қыздары Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова ерлікпен шайқасып, қаза тапты.

Смоленск шайқасынан кейін гитлершіл неміс әскерлерінің бас штабы Мәскеуге шабуыл жасаудың жасырын «Тайфун» деп аталатын жоспарын жасады. Фашистік Германия әскерлері Мәскеу қаласына шабуыл жасауға зор дайындықпен келді. Олар Мәскеу түбіне 1 млн 800 мың солдаты мен офицерін, 1700 танкісін, 14 мың зеңбірек, 1390 самолетін шоғырландырды. Ал Кеңес әскерлерінде 1 млн 250 мың жуық адам, 7600 зеңбірек, 990 танк, 677 самолет болды. Күш жағынан басымдық жау жағында болды. Фашист армиясының шабуылы 1941 жылы 30 қыркүйекте басталды. Мәскеуді қорғау бүкілхалықтық майданға айналды. «Бәріміз сүйікті Мәскеуді қорғауға аттанайық» деген үндеу-шақыру негізгі ұранға айналды. Мәскеуді қорғау Батыс майдан қолбасшысы Г.К.Жуковқа тапсырылды.

Жау өте көп шығынға ұшырай отырып, қазан, қараша айларында Мәскеуге жақындай түсті. Жау тым жақындап қалса да, 6 қараша күні Мәскеудегі Маяковский метросында Ұлы Қазан Социалистік революциясының 24 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. 7 қарашада Қызыл алаңда әскери парад өткізілді. Әскерлер алдында И.В.Сталин сөз сөйледі, оның сөзі радио арқылы берілді. Парадтан кейін оған қатысқан әскер бөлімшелері Мәскеуді қорғау үшін бірден майданға аттанды. Мәскеуге тікелей қауіп төнгенімен, И.В.Сталин қаладан кеткен жоқ. Үкіметтің кейбір мекемелері Куйбышев қаласына көшірілді.

Фашистік әскерлердің Мәскеуге шабуылы 15-18 қарашада басталды. Мәскеу үшін шайқас Волоколам түбінде айрықша болды. Қазақстанда ұйымдастырған генерал И.В.Панфилов бастаған 316 дивизиясының әскерлері

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

айтарлықтай соғыс қимылдарын жүргізіп 28 панфиловшылар ерлік көрсетті. Қазақ халқының батыр ұлы Бауыржан Момышұлы, политрук В.Г.Клочковтар Дубосеково разъезі маңында ерлікпен қарсылық көрсетті. Клочковтың «Ресей кең-байтақ, ал шегінерге жер жоқ, артымызда - Мәскеу» деген сөздері тарихта қалды. 28 батыр-панфиловшылар ерлікпен қаза тапты, бірақ жауды Мәскеуге жіберген жоқ.

Ұлы Отан соғысы жылдары КСРО бойынша 11600-ден астам адам ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алса, соның 497-сі қазақстандықтар, ал 97-сі қазақтар болды. Ұлы Отан соғысы жылдары ең алғаш Кеңес Одағының Батыры атағын алған қазақстандық жауынгер К.А.Семеченко (1941 жылы 22 шілде) екен. Ұлы Отан соғысы жылдары Кеңес Одағының Батыры атағын алған ең жас қазақ жауынгері 18 жасар Ж.Елеусізов екен. 1941–1945 жылдары майдан шебінде соғысқа қазақтың 100-ге жуық ақын-жазушылары қатысты. Қасым Қайсенов, Әди Шәріпов сынды қаһарман партизандар жау тылында аянбай шайқасты. Ұлы Отан соғысы жылдары КСРО 27 млн. азаматынан айырылды, оның шамамен 4101 мыңы қазақстандықтар.

Мұндай зұлмат соғыс тек тарих беттерінде қалсын. Біз тыныш өмір сүріп, уайым-қайғысыз осы партада шығармамызды жазып отырғанымызға Ұлы Отан соғысында біздер үшін бір қасық қаны қалғанша, бір қадам артқа шегінбей жаумен соғысқан ардагерлерге **МЫҢ ТАҒЫМ** жасаймыз. Біз сіздердің ерліктеріңізді мәңгі есімізде сақтаймыз. Жыл санап соғыс ардагерлердің саны да азайып барады. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы құтты болсын, құрметті ардагерлер, бүкіл қазақстандықтар!

Нұрғали Мәліка

4-сынып, №24 орта мектеп Астана қаласы

Жетекшісі: Көшкімбаева Асыл Сапарқызы

9 мамыр барша қазақстандықтар Жеңістің 70 жылдығын салтанатпен атап өтеді. Бұл – қаһарлы 1418 күнді бастан кешкен майдангер жауынгерлер мен тыл еңбеккерлерінің бойдағы бүкіл күш-қуатын жұмсап жеткен ұлы мерекесі.

Бұл күн – 70 жыл бұрын біздің аталарымыз бен әжелеріміз өте қатты қуанған күн. Олардың үйлеріне оралып, отбасымен, туыстарымен кездескен күн. Бұл Жеңіс оңайлықпен келген жоқ екенін естігенмін. Ұлы Отан соғысына қатысқан ағаларымыз, әкелеріміз бен аталарымыз, апаларымыздың аттары аңызға айналып, тарих бетінде «Батыр» деп жазып кетті.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Менің ойымша да, олардың кез-келгені батыр деп айтуға лайық, ал біз болсақ, ол батырлар туралы кітаптан, фильмдерден ғана білеміз. Маған әжем соғыс туралы, соғысқа қатысқан аталарымыз туралы көп әңгіме айтады. Менің әжем Жамбыл облысы Бауыржан Момышұлы ауылында дүниеге келген. Ол ауылда батыр атамиз туып өскен. Әжем ол кісімен талай дастарқандас болып, Бауыржан атаның аузынан талай қызықты әңгімелер естіген екен. Менің үлкен атам Омар да соғысқа қатысқан. Елі үшін жанын пида етуге дайын екендігін талай ұрыста дәлелдеген де екен. Ал нағашы атам Жексеналы соғыстан мүлдем оралмаған. Сол кезден бері ешқандай хабар да жоқ.

Әжем: – Аталарың сендерге бейбіт өмір сыйлады. Елі үшін, жері үшін қаза тапты, – дейді. Менің білетінім: атам сияқты қаншама адам соғыста қаза тапқан. Бірақ Жеңіспен оралғандар да қаншама! Кір жуып, кіндік қаны тамған жері үшін, аялап, әлпештеп өсірген елі үшін, жанған отқа түсіп, жалын кешкен ер-азаматтар естен шықпайды. Олар тарихта өшпес із қалдырды. Халық тыныштық үшін, бақытты өмір үшін күресті. Сондықтан да әділетсіз соғысты бастаған фашистерді жеңіп шықты.

Біздің осындай бақытты өмір сүріп жатқанымыз сол кісілердің арқасында. Ол қариялар жыл сайын азайып бара жатыр. Оларды құрметтеп, ерліктерін ешқашан ұмытпай, келер ұрпаққа жеткізу – міндетіміз.

Қазақстанның әр қаласында, әр ауданында осы батыр ағаларымыз бен апаларымыздың атымен аталған көше, даңғылдар жетерлік. Біздің қаламызда да Т.Бигелдинов, М.Ғабдуллин, Р.Қошқарбаев атындағы көшелер, Әлияға арналған ескерткіш, М.Мәметова атындағы тігін фабрикасы бар. Енді ешқашан соғыс болмай, әлемде тек бейбітшілік болсын деген тілегім келеді.

Оразали Жанерке

4-сынып, №24 орта мектеп Астана қаласы
Жетекшісі: Көшкімбаева Асыл Сапарқызы

Жеңіс... Ия, оны сан миллиондаған адамдар төрт жыл бойы минуттап, сағаттап сарыла күтті. Ақыры олардың үміті мен сенімі ақталып, тілектері орындалды. Бірақ ол Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында Отан үшін от кешіп миллиондаған асыл азаматтар мерт болды. Ана асыл жарын жоғалтып жесір, бала ата-анасын жоғалтып жетім атанды. Біздің Қазақстанды да соғысы оты шарпымаған шаңырақ кемде-кем. Жүз мыңдаған ата-әкелеріміз соғыстың алғашқы сәтінде-ақ майданға аттанды.

Талай қазақ азаматтары мен нәзік қыздарын неміс басқаншыларына деген қанды кек елден жыраққа, майдан даласына жетелеген екен... Ұлы Отан соғысында әрбір бесінші қазақстандық, яғни 1 миллион 700 мың адам майданға аттанған екен. Солардың жартысынан көбі соғыста қаза тапты немесе із-түзсіз

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жоғалып кетті. Қазақ азаматы Рахымжан Қошқарбаев 1945 жылы 30 сәуір күні жаңбырдай жауған жау оғының астында Рейхстаг төбесіне Жеңіс туын желбіреткенін де мақтаныш айтуға болады.

Солардың қатарында менің атам да бар екендігін мен әкемнің, әжемнің айтуынан білемін. Менің атам Ақынов Оразалы 1923 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданында дүниеге келген екен. Әкемнің айтуынша, ол 1941 жылы Ленинград қаласында әскери училищеде оқыған. Ол кезде атам небәрі 18 жаста болған екен. Бірақ жастығына қарамай халқын қорғауға алғашқылардың қатарында майданға аттаныпты. Соғыста көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін оны екі орден және көптеген медальдармен марапаттаған екен.

1945 жылы 9 мамырда соғыс бітті. Фашистер жеңілді. Атам жеңді. Атам аман-есен туған ауылына оралыпты. Әкемнің айтуынша, атамның сол жақ аяғында соғыстан қалған тыртық бар екен. Мен атамды көрген жоқпын, бірақ мен оны мақтан етемін. Менің атам – нағыз батыр. Менің осындай тыныш өмір сүріп жүргенім, сүйікті қалам – Астанада.

Бүгінде соғыс ардагерлері азайып бара жатыр. Сол аз майдангерлерді қамқорлыққа алып, көмек көрсету- біздің парызымыз. Жеңіс солдаттарын ұлы мерекемен құттықтай отырып, мықты денсаулық, қамсыз тұрмыс жағдайын тілеймін.

Жеңіс мерекесі құтты болсын!

Тілеуқабылова Айша

6-сынып оқушысы №24 орта мектебі Астана қаласы

Жетекшісі: Гүлдерай Құдысқанқызы

Ұлы жеңіс!

Үлгі бізге аталардың ерлігі,
Ұрпағы, өнегесі, ерлігі.
Тәуелсіздік туын ұстап жоғары
Бүгінгі ұрпақ болар елдің ертеңі!

Аталарымыз жан аямай Отан үшін, елдің ертеңгі ұрпағы үшін, халқы үшін қасық қаны қалғанша ерлік көрсетті, ерлікпен қаза тапты. Соғыс 1941 жылы басталған еді. Ол кезде Германияға ел президенті болып сайланған Адольф Гитлер "Неміс халқы дүние жүзіндегі ең таңдаулы ұлт, басқа ұлттар оған қызмет етуі тиіс" – деп халықтың санасын улай бастайды. Солайша неміс елі Кеңестер Одағына соғыс ашады. Қазақстанның көптеген батырлары майдан даласында жау қолынан ерлікпен қаза табады. Солардың ішінде,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

әсіресе, "Шығыстың қос шынары" аталып кеткен Әлия мен Мәншүк апаларымыз да бар еді. Бірі 54-атқыштар бригадасында, бірі 21-гвардиялық атқыштар дивизиясында ұрыс алаңына қатысты.

Біздің мақтанышпен айтарлық ерлігімен танылған батырларымыз өте көп. Мәселен Бауыржан Момышұлын алсақ ол майданда жүріп, өзінің асқан парасаттылығымен, қайсарлығымен, табандылығымен танылып үлгерген. Оның ерлігінен майдандас достары үлгі алып қана қоймай, қанатты сөздерінен асқан рух пен күш-қайрат алғанына сенімім мол. Бауыржан атамыз айтты дейтін сондай қанатты сөзінің бірі:

Ерлік – елдің қасиеті,
Жүректілік – жігіттің қасиеті.

Біз ардагерлерімізді құрметтеп сыйлауымыз керек. Менің атам Тілеуқабыл ардагер болған. Атам 1941 жылы соғыс кезінде әскерге кетіп бара жатып, фашистердің келе жатқанын ести сала бірден соғысқа жөнелтілген. Ол соғыста 4 жылдай Польшаның астанасы Варшавада, Украинаның қалалары Киевте, Донецкіде, Берлинде жүріп соғысты. Және менің нағашы, үлкен Қашқали атам соғыста ерлік көрсетіп, бір аяқсыз оралды. Бұл екі ардагерлеріміз де соғыстың қиыншылығы мен қасіретін тартқан көп қазақтың бірі. Әрине, бұлардың бәрі ерлік емей немене?! Мен сөз соңында Н.Байғаниннің мына бір өлең жолдарын айтқым келіп отыр:

Ұлы жеңіс жадымызда жаңғырып,
Ерліктерге бастай берсін мәңгілік!